



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

ӘОЖ 63.321.96.(576)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШІНШІ ЖАНҒЫРУЫ: АТҚАРУШЫ БИЛІКТІҢ АШЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Болатұлы Нұржан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану
факультеті, Саясаттану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор М.Т. Илипов

Қазақстанда соңғы онжылдықта көптеген реформаларды және атқарушы биліктің ұйымдастыру принциптерін қайта қарастыру байқалуда. Атқарушы биліктің қоғаммен өзара әрекетіне барынша назар аударылуда және оның ашықтық дәрежесін арттыру қажеттілігін түсіну артып келеді. Осыған байланысты қазіргі Қазақстандағы азаматтық қоғамды және демократиялық нормалар мен институттарды орнықты дамыту қажеттілігі контекстінде транспаренттілік мәселесін зертеудің маңызы артып келеді.

Атқарушы биліктің транспаренттілігін зерттеудің өзектілігі ең алдымен, факторлардың бес тобымен байланыстыруға болады. Біріншісі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен, екіншісі – халықаралық қауымдастықтың талаптарымен, үшіншісі – елдегі саяси үрдістердің дамуындағы ішкі талаптарына, төртіншісі – саяси кеңістіктің жаһандануымен, бесіншісі – азаматтық қоғамды демократияландыру қажеттілігімен байланысты. Қазіргі Қазақстандағы сақталып отырған жаңа жағдайларда атқарушы биліктің тым жабық болуы және оның қоғамнан айтарлықтай дәрежеде алшақтауы елдегі азаматтық қоғамның орнықты дамуын белгілі бір деңгейде тежелуіне және мемлекеттік басқарудың тиімділігінің төмендеуіне себеп болып отыр.

Мәселенің практикалық жағы мынада – Қазақстан қоғамы ҚР заңнамасында қарастырылған азаматтардың: ақпаратты еркін іздеу, алу, беру, шығару және кез келген заңды тәсілмен тарату құқығы сияқты құқықтарын жүзеге асыруға дайындығының жеткіліксіздігінде. Транспаренттілікті қамтамасыз етудің пәрменді механизмдерінің, және де атқарушы билік институттарымен ашық өзара әрекеттесудің дәстүрлері мен тәжірибесінің жоқтығынан, Қазақстан азаматтары ұсынылған құқықтарды қолдана бермейді. Өз тарапынан, атқарушы билік органдары да халықпен тиісті түрде өзара әрекеттесуге толығымен дайын емес болып шықты. Нәтижесінде азаматтар саяси манипуляциялаудың объектісіне айналып жатады. Бұл азаматтық қоғамның орнықты дамуы мен демократияның даму үрдістерін тежемей қоймайды.

Сонымен қатар, атқарушы биліктің ашықтық мәселесі отандық әдебиеттерде Батыстағыдай терең және жан-жақты зерттелмеген. Қазақстандағы реформалардың практикасы көрсеткендей, шет елдік эмпирикалық материалдарда және басқа әлеуметтік-тарихи жағдайларда туындайтын теориялық құрастырмалар мен ұйымдық формалар Қазақстанда қолдануға икемсіз, жарамсыз болып шықты. Осының барлығы авторды осы мәлімделген тақырыпты зерттеуге итермелейді.

Қазіргі заманғы демократия жағдайында транспаренттілік атқарушы биліктің ерекшелігі яки қасиеті, және де мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуінің, ақпаратқа құқықтың нақты теңдігінің, азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуының және олардың мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметіне бақылау жасауының қажетті шарты болып табылады. Транспаренттіліктің дамуының негізгі факторы болып азаматтардың атқарушы билік органдарының ақпараттарына қол жеткізуі болып табылады. Сонымен қатар, атқарушы биліктің транспаренттілігін зерттеу кезінде саяси мәдениеттің басым түрін және әлеуметтік біркелкілік принципін ескеру қажет: әлеуметтік координаталардың әртүрлі жүйелерінде транспаренттілікті бағалау деңгейлері әртүрлі болады.

Жаңарудың жаңа сатысына өткен Қазақстанның алдағы уақытта дамуына негіз болатын айқын бағдар – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Нұр Отан партиясының кезекті XVI съезінде ұсынған бес институционалдық реформасы болып табылады. Аталған реформаның қажеттілігі жаһандық экономикалық дағдарыс пен әлемдік саяси тұрақсыздықтың белең алған тұсымен қатар келді. Реформаларды жүзеге асыру алда тұрған бірінші кезекті жалпыұлттық міндет. Елбасымыздың реформалар жоспарын Ұлт жоспары деп атауы да тегін емес [1].

Ұлт жоспарын жүзеге асыру үшін билік институттары мен қатар саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, экономистер, сарапшылар мен барша ғалымдар қауымдастығының алдында реформаны жүзеге асыру жолдары мен механизмдерін қалыптастыру міндеті тұр.

Біз бес халықтық реформаның бесінші бағыты транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекет үлгісін дамытудағы нақты қадамдар мен іске асыру жолдарын қарастырамыз. Транспарентті мемлекет дегеніміз – мемлекеттік жүйе мен мемлекеттік емес жүйе арасындағы байланыс. Осы екі жүйенің өзара сабақтастығының сақталуына көңіл бөлген ел ғана транспарентті мемлекет бола алады. Ал барлық іс-шаралар әкімшілік тұрғыда, Үкімет тарапынан шешілетін болса, ол авторитарлық мемлекет деп саналады [2].

Қазақстандағы атқарушылық биліктің транспаренттілігінің қалыптасу ерекшелігі көп жағдайда оның қалыптасу және жұмыс істеу тарихына байланысты. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі атқарушы биліктің айтарлықтай рөліне қарамастан, кеңес кезеңінде «атқарушы билік» түсінігін ғылыми дәйектеуге және ашуға деген талпыныс тоқтатылды, өйткені ол пролетарлық мемлекеттілік сызбасына сай келмеді. Биліктердің екеуі де Кеңеске біріктірілгендіктен, атқарушы билікті ғылыми саралаудың іс жүзінде қажеттігі болмады. Кеңес кезеңінің заңгерлік тәжірибесінде атқарушы билік заң шығарушы және сот билігіне қарсы тұратын буржуазиялық мемлекеттің басқару органдарының жүйесі ретінде түсінілді. Бүгінгі күні атқарушы билік мемлекеттік биліктің маңызды тармағы болып табылады және оның транспаренттілік деңгейі мәні бойынша бүкіл мемлекеттік басқарудың транспаренттілігінің деңгейін анықтайды. Атқарушы билік органдарында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің саны барлық мемлекеттік қызметкерлердің арасынан көпшілікті құрайды. Қазақстандағы мемлекеттік қызметкерлердің 85% атқарушы билікке тиесілі, тек қана 15% - Президентке, Парламентке, соттарға, прокуратураға және басқа мемлекеттік органдарға тиесілі. Атқарушы билік органдары қаржылық, еңбектік, материалдық ресурстарға тікелей өкімдік жасап, бүкіл мемлекеттің бюджетін орындайды. Бұдан басқа, атқарушы билік құқық жағынан үлкен мүмкіндіктеріне ие.

Дәл сол атқарушы биліктің транспаренттілігін зерттеудің маңыздылығының бір себебі – атқарушылы билік – бұл әмбебап, арналымдық және ұйымдастырушы сипатқа ие, басты мақсаты заңдарды орындау және оларды заңнамада қарастырылған белгілі әдістермен жүзеге асыру болып табылатын, мемлекеттік-биліктік өкілеттіктер берілген атқарушы биліктің мемлекеттік органдары жүйесімен көрсетілген мемлекеттік биліктің салыстырмалы түрде дербес тармағы.

Атқарушы билік қоғамның істеріне оның Қазақстан заңнамасы негізінде ретімен дамуын және атқарушы-өкімдік сипаттағы мемлекеттік-биліктік өкілеттіктерді өз бетінше жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

Азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу үрдісі азаматтардың тікелей немесе жанама ақпарат сұрауын қамтиды. Ақпаратты тікелей беруде қолжеткізудің келесідей түрлері кеңінен таралған: азаматтың ақпарат беру туралы билік органдарына сұраныс жолдауы, билік органдарының ашық жұмысшы отырыстарына қатысу, билік органдарының ресми ақпараттарының ашық мұрағаттарына кіру. Жанама қол жеткізу бұқаралық ақпарат құралдарында (мемлекеттік, муниципалдық және мемлекеттік емес) ақпарат таратуды, мамандырылған брошюралар мен жинақтарды шығаруды, Ғаламтор желісінде ақпарат жариялауды, билік органдары және басқа да нысандар орналасқан ғимараттар мен бөлме-жайлардың ресми ақпарат стендтерінде ақпарат жариялауды көздейді.

Қазақстандағы атқарушы биліктің ашықтығын дамытудың келесідей негізгі механизмдерін атап өтуге болады:

- үкіметтік емес ұйымдар;
- краудсорсинг;
- интернет-технологиялар.

1. Үкіметтік емес ұйымдар. Кез келген реформалардың сәтті жүзеге асырылуының бір факторы – билік пен азаматтық қоғамның бірлескен жұмысы. Үкіметтік емес ұйымдар халықтың негізгі өзекті мәселелерін анықтап, қоғамдағы үдерістердің барометрі қызметін атқарады. Үкіметтік емес ұйымдарды шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін заңнамаға қоғамдық сараптама, қоғамдық мониторинг жүргізуде, шешім дайындау барысында талқылау мен пікірталас ұйымдастыруда қатыстыру маңыздырақ.

Жоғарыда аталған мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекеттесуі қоғамдық және сараптамалық кеңес, консультациялар, баламалы есеп дайындау шеңберінде жүзеге асуы мүмкін. Әсіресе үкіметтік емес ұйымдардың рөлі мемлекеттік саясатты даярлау, жергілікті мәселелер бойынша шешімдер шығару кезеңдерінде өте маңызды.

2. Краудсорсинг. Соңғы уақытта саяси үдерістерге азаматтарды тартудың жаңа әдісі ретінде «краудсорсинг» әдісі қолданылуда, әсіресе әртүрлі краудсорсингтік кампаниялар өткізу технологиясы үлкен танымалдыққа ие болғанын атап өту керек. Соңғы жылдары саяси салада халықтың белсенділігін арттыру мақсатында краудсорсинг технологиясы жиі қолданылады. Сонымен қатар бұл технология аймақтық мәселелерді халықпен бірлесе отырып, олардың пікірін ескеріп шешуге мүмкіндік береді. Краудсорсинг халықтың пікірін ескеру, саясатқа араластыру технологиясы ретінде 2003 жылдан бері қолданыла бастады. Бұл термин мемлекет және қоғам, бизнес алдында тұрған мәселелерді шешу мақсатында ақпараттық технологиялар негізінде адамдардың ресурстарын жұмылдыру үдерісін білдіреді.

Краудсорсинг әртүрлі заң жобаларын әрі басқа да мемлекеттік бастамаларды талқылауда жиі қолданылады. Әдетте, талқылаулар дауыс беру арқылы онлайн режимде, не нақтылы пікірлерді жинау жолдарымен жүзеге асырылады. Краудсорсинг басқа да тәсілдермен қатар, саясаттағы азаматтық белсенділікке жаңа мүмкіндіктер беріп, демократиялық қоғамның мақсатына жетуге негіз болады. Сол себепті, транспарентті және есеп беруші мемлекетті дамыту идеясын краудсорсинг технологиясы арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазіргі уақытта краудсорсинг технологиясының қоғамдағы мәселелерді шешуге халықты тарту үлгісі ретінде 2015 жылы БҰҰ-ның «Beyond – 2015» атауымен жүзеге асырылған жобасын атап өтуге болады. Бұл жоба жастардың әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысуына бағытталған [3]. БҰҰ-ның арнайы агенттігі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде кем дегенде 80 елдің жастарына жаһандық әрі аймақтық әлеуметтік маңызды мәселелерді талқылап, оларды шешу жөнінде өз идеяларымен бөлісуге мүмкіндік берді.

БҰҰ жүзеге асырған бұл краудсорсингтік үш айлық жоба мыңнан астам бірегей идеяларды жинақтап, осы идеяларға 27 мыңнан астам пікір мен түсініктемелер жинап, әлем бойынша 16 миллионға жуық халықты жұмылдыруға мүмкіндік берді. Исландияда 2012 жылы Twitter, Facebook әлеуметтік желілерін қолданушылар Конституция жобасын талқылаған еді. Финляндияда 2012 жылы «Ашық министрлік» (www.avoinministerio.fi) жаңа заң жобаларын халықпен бірлесіп талқылауға арналған краудсорсингтік платформа іске қосылды [4].

Қазақстанда да бұл тәжірибе жақсы қолданыла бастады. Мысал ретінде zakon.kz порталы ұйымдастырған қазақстандық заң конкурсын келтіруге болады. 2014 жылы «Қазақстан заңнамасында не өзгертер едім?» тақырыбында конкурс өтті, яғни 26 сала бойынша инновациялық идеялар қорын жасауға мүмкіндік болды.

Саясатта, әсіресе мемлекеттік басқару саласында **краудсорсинг технологиясын қолданудың келесідей жағымды жақтары бар:**

1) көптеген жаңа идеялар қорын жинақтау, яғни қоғам мәселелерін шешуде халық тарапынан біршама сәтті ұсыныстар берілуі мүмкін;

2) жинақталған идея жергілікті қауымдастық мәселелерімен тығыз байланысты болғандықтан, саясаттағы азаматтармен кері байланыс механизмі жүзеге асырылады;

3) қоғамдағы мәселелерді ашық әрі транспарентті талқылау демократиялық жүйе механизмдерін күшейтеді, яғни жүргізіліп жатқан елдегі саясатқа халық тарапынан қосымша қолдауды қамтамасыз етеді;

4) саяси шешім қабылдау барысында дайындалған құжаттардың сапасын арттырады;

5) мемлекеттік биліктің саяси әрі басқарушылық жағымды имиджін дамытуға, сонымен қатар мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыруға септігін тигізеді.

Мемлекеттік секторда краудсорсинг технологиясы мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісінің ажырамас бөліктері – азаматтық белсенділік, қоғамдық сараптама және халықтық бақылаудың дамуына әсер етеді. Краудсорсингті мемлекеттік секторда қолдану үшін бірнеше шарттарды орындау қажет:

1) краудсорсинг мемлекеттің тікелей тапсырмаларын орындау жөніндегі саяси науқанға айналмау қажет, яғни нақты халықтың пікірін ескеру технологиясы ретінде барлық инновациялық идеяларды жинақтауға бағытталу керек;

2) краудсорсингті жүргізу форматын алдын ала анықтаған дұрыс;

3) краудсорсинг жұмысы тұрақты әрі белсенді сипатта болуы тиіс, яғни халықтан келетін идеяларға күнделікті мониторинг, сарапшылармен диалог, нәтижелерді талқылау ашықтығын қамтамасыз ету қажет;

4) краудсорсинг нәтижесінде жинақталған идеяларды өңдеу үшін арнайы компьютерлік қамтамасыз етуші бағдарламалар керек.

Интернет-технологиялар, яғни электронды үкімет. Электронды үкімет, бір жағынан, елді басқару үдерістеріне халықты қатыстыру механизмдерінің бірі, екінші жағынан, ол мемлекеттік аппарат қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Электронды үкіметтің әлемдік рейтингісі құрамында электронды қатысу индексі бар. Ол үш негізгі көрсеткішпен бағаланады:

1) электронды ақпарат – мемлекеттік органдар сайттарындағы ақпараттың толыққандығы;

2) электронды консультация – мемлекеттік органдар сайтында мультимедиа көмегімен кеңес беру;

3) электронды шешім – саяси шешімдерді талқылауға және қабылдауға азаматтары қатыстыру деңгейі, яғни мемлекетімізде жоғарыда аталған үш көрсеткіш бойынша жұмыстарды жетілдіру өзектілігі айқын көрінеді.

Қазіргі заманғы интернет технологияларды мемлекеттік басқаруда кеңінен қолдануды қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың ашықтығымен қатар, билік-басқару үдерістеріне азаматтардың басым бөлігін қатыстыру болып табылады.

Мемлекеттік қызметті реформалауда және шектен тыс бюрократизмнен арылу жолында, ҚР Президенті Н. Назарбаевтың бастамасымен 2005 ж. интернетте электронды үкімет жобасы сәтті іске асты. Электрондық үкімет жүйесі ең алғаш 1991 ж. АҚШ-та құрылды. Ал Еуропада сол өткен ғасырдың соңында пайда болды. Электрондық үкімет дегеніміз бұл ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданумен мемлекеттік органдар, халық және бизнестік іс-қимыл жүйесі болып табылатын уақытты тиімді пайдалануға, кезекті қысқартуға үйде отырып-ақ бір жола жұмысыңды бітіріп, кабинеттік стильді жойып, жемқорлыққа жол бермеуге арналған үлкен жоба.

Электронды үкімет, бір жағынан, елді басқару үдерістеріне халықты қатыстыру механизмдерінің бірі, екінші жағынан, ол мемлекеттік аппарат қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Қазіргі заманғы интернет технологияларды мемлекеттік басқаруда кеңінен қолдануды қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың ашықтығымен қатар, билік-басқару үдерістеріне азаматтардың басым бөлігін қатыстыру болып табылады.

Жариялылық – мемлекеттік және басқа да институттардың іс-әрекеттерінің ашықтығы, ақпараттың кең таралуы, ұйымдар, мекемелер мен лауазымды тұлғалардың азаматтарға ашықтығы, қоғамдық пікірді анықтау және есептеу, қабылданған шешімдерді жариялау.

Аталған категорияда Қазақстанда институттанған ұйым – ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі. Мемлекет басшысының бұйрығымен құрылған бұл мекеменің басты функциясы Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ашықтығын арттыруға және жұртшылықтың мемлекет жұмысы туралы көбірек ақпараттандырылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар ақпараттық жұмысы кооперациясының тиімді механизмдерін құру, мемлекеттік орган мен БАҚ-тың өзара тиімді әрекеттесуіне жағдай жасау болып табылады.

Коммуникациялар қызметі – орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар мен үкіметтік емес ұйымдар басшыларының, қоғам өкілдерінің қатысуымен өтетін баспасөз конференцияларды, брифингтерді және дөңгелек үстелдерді ұйымдастырумен және өткізумен айналысады [5]. Сонымен қатар Коммуникациялар қызметі әлеуметтік мәні бар ең маңызды ақпараттық себептер бойынша ресми ақпаратты дайындайды және ұсынады. 2014 жылы 200 спикердің қатысуымен 116 баспасөз конференциясы мен брифинг, 2015 жылы – 323 спикердің қатысуымен 111 баспасөз конференциясы мен брифинг, 2016 жылы – 907 спикердің қатысуымен 347 баспасөз конференциясы мен брифинг ұйымдастырылып, өткізілді [55].

Ашық және халыққа есеп беруші мемлекет дегеніміз – мемлекеттің ішкі тұрақтылығын, ішкі тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған, мемлекет қызметін және оның даму тетіктерін, даму бағдарын анықтап, мемлекетті басқаруда халықтың саяси санасын мемлекетпен біріктіре білетін билік түрі. Елбасының мемлекеттік басқаруға байланысты ұсынып отырған реформасы бойынша ашық және халыққа есеп беруші мемлекет қызметі мынадай деңгейлерді қалыптастырып, біріктіріп отыруы тиіс.

Біріншіден, мемлекет билігіндегі әрбір адам өз қызметінің атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы айқын түрде халыққа есеп беруі тиіс.

Екіншіден, мемлекет қызметіндегі әр басшының басқарушылық қабілеті, тәжірибесі, білім-білігі қоғам өмірінде ашық түрде көрінуі тиіс.

Үшіншіден, мемлекет қызметіндегі басшының басқару қабілеті, кәсіби деңгейі халықтық таңдау, қоғам дамуының талабы арқылы дараланып отырады. Реформада аталған бұл ереже мемлекет саясатын, мемлекеттік басқарудың тәжірибелерін ғана емес, басқарушы тұлғалардың кәсіби деңгейдегі бәсекелестігін, халықтың таңдауы мен қоғамның болашағына деген сенімін нығайтады.

Қорытындылай келе, транспаренттіліктің шет елдік және отандық практикасын саралау Қазақстандағы атқарушы биліктің транспаренттілігін дамыту жөніндегі нақты ұсыныстарды айтуға мүмкіндік береді. Біздің пікірімізше, транспаренттілікті қамтамасыз етуге арналған заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланудың құқықтық мүмкіндіктерін орнату қажет. Ғаламтор желісі жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өзара қарым-қатынастарындағы жаңа қолжетімді орта болуы тиіс. Бұл үшін Ғаламторда мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттарды жариялауға арналған, биліктің барлық тармақтары мен деңгейлерінің сайттары жасалған болуы тиіс. Ресми түрде сайттар қазіргі кезде де бар, бірақ қозғалып отырған мәселе – алдымен қабылданған шешімдер, олардың себептері және дәйектері туралы, және де олардың орындалуы туралы; сәйкес органның заң жобаларының мәтіндері, отырыстардағы (сессиялардағы) дауыс беру нәтижелері туралы ақпараттардың ашықтығында.

Азаматтар ғаламтор желісінде жергілікті өзін өзі басқару органдарының сайтынан ашық түрде олардың қызметі туралы, оның ішінде қандай-да бір талқыланып жатқан сұрақ бойынша өз пікірі туралы жариялау үшін пайдалануға мүмкіндік алуы тиіс. Бұл азаматтық қоғам институттарына билік органдары қызметіне қадағалау жасауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы емес, дәл сол транспаренттілік мемлекеттік басқарудың тиімділігіне, оның жемқорлықтан және криминалдық құрылымдардан арылуына,

іс жүзінде заңның басымдығына ықпал етеді. Бұған қоса, азаматтар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, автономдық коммерциялық емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары билік жариялаған ақпараттарды үнемі қадағалап отыруы тиіс. Ақпарат ұсыну туралы заңнаманың орындалуына және ақпарат ұсыну тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке бақылау жасау іс-шараларын белгілеу және реттеу қажет. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы билік органдарының қызметі мен шешімдері туралы ақпарат беру тәртібінің, заңдардың және ведомствалық құрылымдар жарғысының талаптарына сәйкестігіне қадағалау жасауы қажет.

Қоғамға ақпаратты ұсыну тәртібін бұзатын билік және басқару органдарының басшылары мен лауазымды тұлғалары заңдарға сәйкес тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және басқа да жауапкершіліктерге тартылуы тиіс. Атқарушы билік саласындағы шешімдердің, оның ішінде нұсқаулықтардың, бұйрықтардың, жарлықтардың және өзге де нормативтік актілердің құпиялығына тыйым белгілеу қажет. Барлық қабылданатын шешімдердің (тіпті алқалық шешімдердің) авторы болуы тиіс, өйткені қоғам қандай-да бір шешімді кім шығарғанын білуі тиіс. Басқалай айтсақ, азаматтар сұраныспен жүгінуі үшін, барлық шешімдердің нақты авторы болуы тиіс.

Осы мақсатта азаматтардың билік және басқару органдарының отырыстарына қолжеткізу іс-шараларын реттеу қажет, бұл азаматтық қоғамның билікке тікелей басқару жасау тәсілдерін кеңейтеді. Аталған бағыттарды жүзеге асырған кезде атқарушы биліктің транспаренттілігі күшейеді, бұл қоғам мен билік арасында соны жаңа қарым-қатынастардың орнауына ықпал етеді. Олардың мәні – азаматтық қоғамның мемлекетке бақылау жасауы. Билік транспаренттілігі заңнамамен бекітілген шындыққа айналмайынша, бюрократиямен және жемқорлықпен күресу, азаматтардың мемлекеттік басқаруға белсенді қатысуы жай ғана ресми декларация болып қала береді. Тек қана атқарушы биліктің транспаренттілігі ғана оны адам құқықтары мен еріктерін қорғайтын, заманауи ақпараттық дәуірде билік талаптарына жауап беретін икемді, тиімді және жауапты жүйеге айналдыруға мүмкіндік береді. Азаматтық бастамаларды дамыту қажет, олардың түрлерінің бірі болып азаматтардың мемлекеттік билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жекелеп және ұжымдық жүгінуі болып табылады.

Аймақтарда (жергілікті жерлерде) азаматтық бастамалардың дамуына байланысты өте кереғар жағдай қалыптасып жатқандығын мойындау керек. Билік органдарына жүгінетін азаматтар, көп жағдайда ресми «құтылу жазбасын» алады, ал кейде бас тартуларға кездесіп жатады. Бұл қоғамдық беделдің, билік органдарына сенім деңгейінің төмендеуіне алып келеді және халық пен биліктің теңқұқылы ынтымақтастығына қатысты, және транспаренттілікке қатысты пессимистік көңіл-күйдің күшеюіне алып келеді. Жағдай билік органдарының айқын қалыптастырылған ақпараттық стратегиясының болмауымен нашарлайды, мұндай стратегиясыз атқарушы биліктің транспаренттілігін арттырудың жоғарыда сипатталған бағыттарының бірде бірі орындалмайды. Зерттеу барысында транспаренттілік демократияның негізгі құралы болып табылатындығы көрсетілген, ол болмаса азаматтық қоғамды орнықты дамыту және онда тиімді басқару жүргізу мүмкін емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа». ҚР Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі// Егемен Қазақстан №47 (28525). 12.03.2015
2. Майкл Д. Открытое правительство или как достичь свободы информации// pc.am/Old/russian/colleagues/pressclub/11.1997/5-9.htm
3. Почему Краудсорсинг так выгодно применять в политике? // <http://crowdsourcing.ru>.
4. 5 направлений применения Краудсорсинга в политике // <http://crowdsourcing.ru>.
5. ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің ресми сайты // ortcom.kz